

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ӘДІСНАМАЛЫҚ ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ҰРДІСТЕРДІҢ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

МЕТОДОЛОГИЯ И СТРАТЕГИЯ ИНТЕГРАЦИОННЫХ ПРОЦЕССОВ В ОБРАЗОВАНИИ

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҰЛТҚА АЙНАЛУДАҒЫ ӘЛ-ФАРАБИДЕН АЛАТЫН САБАҚТАР

Ахметов Т.Ә.

*Қазақстан, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының
проректоры, п.ғ.к., доцент*

Еліміздің тұңғыш Президенті отанымыздың тәуелсіздігін баянды ету мақсатында халқымыздың алдына әрдайым тың идеялар мен стратегиялық жаңа міндеттер қойып отырады. Сондай сарабдал, ғылыми негізде ұсынған Елбасының «Біз интеллектуалды ұлтқа айналуымыз керек» деген бастамасы еліміз үшін өте маңызды да, дер кезінде көтерілген мақсат-міндеттер екендігі даусыз.

«Интеллект», «Интеллектуал» ұғымдары түркі өркениетінде сонау орта ғасыр ғұламаларының ғылыми еңбектерінен бастау алады. Әсіресе, бұл ұғымның орнығуына, ғылыми айналымға қосылуына үлес қосқан – ұлы әл-Фараби.

Біз интеллектуалды ұлтқа айналуымыз үшін әл-Фараби бабамыздан қандай сабақтар алуымыз керек?

Ғұлама әл-Фараби «Бақытқа жетуге көмектесетін ерікті іс-әрекеттер – тамаша іс-әрекеттер. Оларды тудыратын ниеттер мен әдет-қылықтар – игілік. Бақытқа кедергі келтіретін іс-әрекеттер – жаман және тұрпайы іс-әрекеттер. Бұлардан шығатын ниеттер мен әдет-қылықтар – кемшіліктер, кемтарлық пен бейшаралық», [1,289] – деп бақытқа жетудің жолы адамның өзінің іс-әрекеттеріне, әдет-қылықтарына, өмір сүру салтына байланысты екендігін баса айтады. Себебі, сұмырай іс-әрекеттерге бейім, жексұрын әдет-қылықтарымен айналасындағы жұртты мезі қылған адамның оңғанын ешкім көрген емес. Осы ізгі іс-әрекетке қоса адамның бақытқа қолы жетуінің негізгі баспалдақтарының бірі – оның парасат-пайымы, ақыл-есі, ерік-жігері, ой-ниеті. Әл-Фараби бұл құндылықтардың бәрінің басын «Интеллект» ұғымына қосады. Ол өзінің «Интеллект сөзінің мағынасы жайында» атты зерттеу еңбегінде тұлғаның өмірдегі мүмкіндіктерін, табиғи әлеуетін толық таразылай отырып, интеллекті «потенциалды интеллект», «актуальды интеллект», «бірте-бірте игі дарыған интеллект», «әрекет етуші интеллект» секілді әлеуметтік-философиялық топтарға жіктеп таразылайды.

Әл-Фараби адамның негізгі қасиеттерінің бірі саналатын осы интеллектілердің өзара байланысы мен сабақтастығын анықтап, бір-біріне қалай ауысып ұштасатынын дәлелдейді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 75 жылдық мерейтойына байланысты «Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде: Болашаққа интеллектуалдық секіріс» атты оқыған дәрісінде еліміздің Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың білім мен ғылымға, студент-жастардың тәрбиесіне байланысты аса парасатты пікірлер мен тың ұсыныстар жасауы бекерден-бекер емес. Мысалы, Елбасы «Біз интеллектуалды ұлтқа айналуымыз керек» деген мәселені көтеріп, «Қазақстанға біздің ұлтымыздың әлеуетін оятуға және асыруға жағдай жасайтын интеллектуалды төңкеріс қажет», – деп атап көрсетті [2]. Бұның өзі ғұлама әл-Фараби бабамыздың «интеллект» ұғымына берген ғылыми талдауларының өміршендігін көрсетіп, оның тәлім-тәрбиелік идеяларының мәңгілік екендігін айғақтайды.

Ғұламаның ойынша, адам баласы туа сала ақылды, білімді, парасатты болмайды. Адамның интеллектісі жүре келе, өсе келе тәрбие арқылы, оқып білім алу арқылы бірте-бірте қалыптасады [1,30-33].

Әл-Фараби өзінің «Әлеуметтік-этикалық трактаттарында» адамның жанына байланысты терең пайымдаулар жасайды. Ол адамның жаны мен тәнінің өзара бірлігін көрсетіп, «Жанға да денеге секілді саулық пен ауыру тән», – дей келіп, жаман қылықтарды жасайтын адамдардың жаны кеселге ұшыраған деген қорытындыға келеді [3, 171]. Оның ойынша, адамның денесін дәрігер емдесе, жанын – мемлекет қайраткері, яғни, елбасы сауықтырады.

Дәрігер адамның тәнін емдеген кезде оның жақсы іс-әрекеттер жасауына кепілдік бермейді. Ол тек жақсы не жаман іс-әрекеттерді іске асыратын денені ғана емдейді. Сондықтан, тек елбасы ғана адамның жанын емдеу арқылы оның ізгі іс-әрекеттер жасауына ықпал ете алады.

Әл-Фараби адам өміріндегі тәрбиенің күшіне сенеді. Адам баласының бойындағы жақсы және жаман қасиеттер туа бітпей, өмір сүре келе, бірте-бірте қоршаған ортаға, берілген тәлім-тәрбиеге байланысты қалыптасатындығын айта келіп, мынандай тағылымдық тұжырым жасайды: «Адамның әуелден тоқымашы немесе хатшы болып тумайтыны сияқты, қайырымдылық пен жаман қылық та адамға әуел бастан жаратылысынан дарымайды. Бірақ қайырымдылықпен немесе жаман қылықпен (байланысты) күйге жаратылысынан бейім болуы мүмкін, соған оған қандай да болсын басқа әрекеттерден гөрі әлгі (күйден) туатын әрекеттерді істеу оңайырақ болады» [3, 180].

Әл-Фарабидің ойынша, табиғатынан ізгілікке, қайырымдылыққа жаны жақын адам жүре келе ізгі істерді көбірек жасаған сайын оның жан-дүниесінде осы жақсы қасиеттер тұрақты орныға түседі. Бірақ, «Өнер біткеннің бәріне жаратылысынан бейім адамның болуы шындыққа сыймайтыны сияқты, қайырымдылық, этикалық және интеллектуалдық қасиеттердің бәріне жаратылысынан толық бейім адамның болуы шындыққа сәйкес емес» [3, 181].

Ғұламаның бұл пайымдауларынан туатын ойлар: дүниеде идеал адам болмайды, кез келген адамның бойында табиғатынан берілген жақсы және жаман қасиеттері болады. Гәптің ең негізгісі – сол қасиеттердің қайсысы өмір сүру кезеңінде адамның бойында белең алып кетуінде. Бұл мәселе, әрине, ең алдымен адамның өзіне байланысты, одан қалды қоршаған әлеуметтік ортаға, алған оқу-білімге, берілген тәрбие-тағылымға байланысты.

Әл-Фараби – адам жаратылысының жұмбақ қатпарларына терең үңіле отырып, «Азаматтық ғылым» еңбегінде жеке тұлғаның еріктен туған іс-әрекеттерімен мінез-құлықтарының түрлерін талдайды. Ол азаматтық ғылым ғана шын бақыт екендігін былайша түсіндіреді: «Бұл игілік, рахым және лайқаттылық, ал осыдан басқаның бәрі зұлымдық, жексұрындық және күнәқарлық» [4, 63].

Әл-Фараби мұсылман дінінің ойшыл өкілі ретінде бұл дүниенің бақытын «қиялдағы бақыт» деп атап, «Шын бақыттың бұл өмірде болуы мүмкін емес, осы өмірден соң келетін басқа өмірде ғана болады, ал бұл айтып отырғанымыз – о дүние. Қиялдағы бақытқа келсек, мысалы, байлық, дәреже, рахат – бұлардың бәрі де осы өмірдегі мақсат» – деген діни тұжырымды ұсынады [4, 63].

Ғұламаның ойынша, елдің басшысы лайқатты әрекеттер мен ізгі мінез-құлықтарды, сапалар мен қасиеттерді халықтың бойынан жоғалтпайтындай, керісінше нығайта түсетіндей саясат ұстануы керек. Осы дүниенің рахатын күйттейтін, байлық пен билікті көздейтін, атақ пен дәрежені ғана ойлайтын басқаруды ғұлама «опасыз басқару, мансапшылдық басқару, надан басқару» деп атайды.

Әл-Фараби юриспруденция ғылымын діннің адам өміріндегі қателіктерді түзетуге септігін тигізетіндігіне байланыстырып былай анықтайды: «Юриспруденция өнері дегеніміз қайсібір халықтың дініндегі канондық правода жеткілікті түрде анық белгіленбеген қандай да бір нәрсеге болсын адамның баға беруіне және оны түзетуіне мүмкіншілік туғызатын ғылым болып табылады» [4, 66].

Интеллектуалды ұлтқа айналудағы ең негізгі баспалдақтардың бірі – жастар тәрбиесі, жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесі. Жас ұрпақтың жан-дүниесін қалыптастыру ісінде рух тәрбиесінің, жүрек тәрбиесінің алар орны ерекше. Сондықтан болар, ортағасырлық түркі ғұламалары өздерінің ғылыми еңбектерінде адамның сезім мүшелерінің қасиеттерін, олардың

ара-қатынасын, адамның өміріндегі алар орнын аса көңіл қойып талдаған. Бәрі «ақыл, жүрек, қайрат» мәселелеріне соқпай кетпеген. Мысалы, әл-Фараби адам бойындағы мүшелердің аның құрсағында қалай пайда болуынан бастап, сол мүшелерден тарайтын жан қуаттарының адам өмірінде қалай көрініс беруіне дейін ғылыми суреттеп берген. Ол: «Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Ол да – басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес, екінші, өйткені ол барлық мүшелерді билейтін болса, оның өзін жүрек билейді. Бірақ бұл тек қана жүрекке қызмет етеді және жүректің табиғи ниетіне қарай, бұған мүшелер қызмет етеді», – деп жүректің адам организміндегі, оның психологиялық ахуалындағы басты рөлін, ерекше маңызын атап көрсетеді [5, 289].

Ал, XI ғасырдың ғұламасы Жүсіп Баласағұни «Құтты білік» дастанында жүректің қасиетіне, оның адам өміріндегі алар орнына, жүрек пен басқа сезім мүшелерінің өзара байланысына қатысты аса ойлы да шабытты теңеулер келтірген. Дастанда айтылатын «жомарт дүрек», «ақ жүрек», «жомарт көңіл», «қайрат жүрек» деген сөз тіркестері әл-Фарабидің «жүрек – басты мүше» идеясымен сабақтасып жатыр.

Жүсіп Баласағұни «Аузын ашса, ақ жүрегі көрінеді» (2475-бәйіт), «Жүрегі мен ақылы сай жарасса, көңіл қошы болса, тіпті тамаша» (2469-бәйіт), – деген өлең жолдары арқылы ақ көңіл, аңкылдақ, аузын ашса жүрегі көрінетін, аузындағысын жырып беретін – жомарт, ешкімнің ала жібін аттамайтын – адал, жан адамға жамандығы жоқ пәк адамды суреттесе, «Жүрек керек, ерлік керек, тағы ақыл, қайрат-жүрек, әскерде – екі қанатың» (2289-бәйіт), – деп жүректілік, батырлық, ерлік, өткірлік тек рухы күшті адамдарда ғана болатындығын айтады. Оның ойынша, жүрекке тән қасиеттер өте мол. Жүректен қаталдықпен қоса, сезімталдық, қайраттылық, аяушылық, қайырымдылық секілді көптеген қасиеттер туындайды. Себебі, жүрек – бүкіл игіліктің кепілі, ізгі ниеттің, барлық жақсылықтың бастамасы, бақытқа апарар жолдың темірқазығы, адасқанда қиындықтан шығаратын, дұрыс бағыт-бағдар беретін компасы.

Жүсіп Баласағұнидің «Жүрегі мен ақылы сай жарасса, көңіл қошы болса, тіпті тамаша, Жүрсе кісі еркіне еріп жүректің, жақындары анық тілектің» (2469, 3701-бәйіттер), – деген ойтолғаулары ұлы Абайдың он жетінші қара сөзіндегі «Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ менің ісім депті. Бірақ, сонда билеуші жүрек болса жарайды», – деген ұстанымындары әл-Фарабидің сонау 9-шы ғасырда тұжырымдаған «жүрек культі» идеясымен үндесіп жатыр. Осы үш ғұламаның бұл идеялары қазақ халқының «жүрекке сен, жүрек ешқашанда алдамайды, кезкелген тығырықтан тек жүректі тыңдау арқылы ғана шығуға болады» деген өмірлік сабақтарымен үндесіп жатуы таң қалдырады.

Жалпы, Шығыс философиясында ақыл мен жүректің ара-қатынасына байланысты екі түрлі пікірталас бар. Мысалы, Фирдоуси, Рудаки, ибн-Синалар имани ақылды, яғни ақылдың культін мадақтаса, имани гүлді, жәуәнмәрттілікті, жүрек культін әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Қожа Ахмет Иассауи, Низами, Руми, Науаи, Абай жақтайды. Бірақ, осы ойшылдардың бәрі тек қана «жылы жүректің» жақтаушылары ғана емес, олар адамның өміріндегі «нұрлы ақыл» мен «ыстық қайраттың» да орнын терең түсіне білген.

Ислам діні де жүректің жасампаз қасиетіне баса назар аударып, әрдайым жүректі кірлетпей таза ұстауға үндейді.

Діни түсінік бойынша жүректен қайрат қана туындамайды, сонымен қатар жүректен ақыл да тарайды: «Ақыл – жүректе. Рахымдылық – бауырда. Мейірімділік – көк бауырда, ал, дем – өкпеде» [6, 210].

Ислам тарихында Абас ибн Мәліктің айтуынша Мұхамед пайғамбар (с.ғ.с) бала кезінде далада ойнап жүргенде Жәбірейіл періште келіп, баланы жығып, кеудесін тіліп, жүрегін алып: «Бұл – сендегі әзәзілдіктің (шайтанның) еншісі», – деп одан ұйыған қанды бөліп алып тастады. Содан кейін, тазарған жүректі зәмзәм суымен жуып, өзара жалғап, орнына қойыпты. Бұл оқиғаға нанбаған адамдарға уәж ретінде пайғамбардың кеудесіндегі жазылған жараның орнын көргендер болған. Әзәзілдің еншісінен, жүректің кірінен болашақ пайғамбар бала кезінде осылайша арылып, таза да ізгі жүректің арқасында адамзат баласына шын пайғам-

барлықтың, нағыз имандылықтың үлгісін көрсеткен. Қараңғы халыққа жаратқанның хақ екенін түсіндіріп, имандылықтың шапағат нұрын шашқан, Алланың аманатын насихаттаған.

Ислам дінінде сыртқы тазалықпен қатар ішкі жан-дүниенің, үйлесімділігіне, жүректің тазалығына, ниеттің дұрыстығына, пейілдің ақтығына, көңіл-күйдің сабырлылығына, мінез-құлықтың көркемдігіне аса назар аударылады әсіресе, жүректі таза ұстауға байланысты пайғамбарымыз (с.ғ.с): «Адам баласының денесінде жұдырықтай ет бар. Сол жақсы болса, бүкіл дене (іс-әрекеттер) жақсы болады. Сол бұзылса, бүкіл дене бұзылады. Абайлаңыздар, ол – жүрек», – деп ескертіп, әрі қарай бұл ойын: «Әр затты кір шалғаны тәрізді жүректі де кір шалады. Оны тәубамен, кешірім тілеумен тазалап отырыңыздар», – деп жалғастырады, жүректі қалай кірлетпей таза ұстау керектігін уағыздайды.

Интеллектуалды ұлтқа айналу оңай іс емес. Оның негізгі бастамасы – жас ұрпақ тәрбиесі. Сондықтан, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы жас ұрпақты оқыту мен тәрбие беру бағытын былайша анықтап береді: «Әр адамды қазіргі заманғы әлемде іс істеуге, білім ала білуге, өмір сүре алуға, бірлесіп өмір сүре білуге үйрету қажет». Ол үшін Абай айтқан «Нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек» керек.

Еліміздің болашағы – жастарды тәрбиелеп отырған ұстаздар қауымы үшін Президентіміздің «Біз – болашағымызды болжап отырған елміз. Енді тек ұмтылыс керек, еңбек пен қабілет керек, ең бастысы, Отанға деген шексіз сүйіспеншілігіміз керек» – деген ұлағатты сөздері жүрегімізде болашағымызға деген зор сезім мен үкілі үміт орнатады, еселеп еңбек етуге шақырады [2].

Әдебиеттер:

1. Аль-Фараби, Абу Наср Мухаммад. Философские трактаты. Алма-Ата: Наука, 1970. – 425 с.
2. Егемен Қазақстан. 14-қазан, 2009 ж.
3. Аль-Фараби, Абу Наср Мухаммад. Социально-этические трактаты. Алма-Ата: Наука, 1973. – 400 с.
4. Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы: Он томдық. – Астана: Фолиант, 2005. Т.3: Ортағасырлық тарихи ой. 2005. – 512 б.
5. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. Алматы, 1973. – 448 б.
6. Имам әл-Бұхари. Жеке тұлғаның әдептері. Тандаулы хадистер. I т. Алматы, 2005. – 276 б.

Резюме

В статье анализируются идеи аль-Фараби по совершенствованию общества. Рассматривается генезис понятия «Интеллект», «Интеллектуальная нация».

О ПРОБЛЕМАХ ИЗУЧЕНИЯ ФИЛОСОФИИ В ВУЗАХ КАЗАХСТАНА И РОССИИ

Бондаренко Ю.Я.

Костанайский государственный университет им. А. Байтурсынова

Не вдаваясь в очередной раз в уточнение и разграничение таких понятий, как «задачи», «цели» и «назначение», попытаемся вместе сосредоточиться на рассмотрении двух базисных и при этом неотделимых друг от друга, как сиамские близнецы, вопросов, ответы на которые неочевидны: зачем вообще нужна вузовская философия и что она могла бы дать современному студенту и будущему специалисту?

Вопросы непростые уже потому, что при технократическом уклоне социально-гуманитарный сегмент вузовских дисциплин нередко воспринимается, как своего рода ритуальный довесок к собственно образованию, необходимому для решения конкретных практических задач.

С другой стороны, старшее поколение еще хорошо помнит то недавнее время, когда предметы социально-гуманитарного цикла считались особо значимыми именно из-за их идеологической направленности. В те, советские годы, руководители подразделений подчер-